



**Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының 2002-2006 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 желтоқсан N 1598

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының

2002-2006 жылдарға арналған тұжырымдамасы мақұлдансын.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар тиісті шешімдер дайындау кезінде осы Тұжырымдаманың негізгі ережелерін басшылыққа алсын.

3. "Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 қыркүйектегі N 1097

P961097\_

қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 7 желтоқсандағы  
N 1598 қаулысымен  
мақұлданған

Қазақстан Республикасы  
Аймақтық саясатының  
2002-2006 жылдарға арналған  
Тұжырымдамасы

Астана, 2001 ж.

## Кіріспе

Әлемнің барлық елдерінде - географиялық, табиғи-климаттық жағдайлардан, демографиялық ахуалдан, даму тарихы және басқа да факторлар айырмашылықтарына қарай - аймақтар әлеуметтік-экономикалық дамудың әртүрлі деңгейінде келеді. Бұл көптеген елеулі әлеуметтік-экономикалық проблемалар туғызуда. Сондықтан әрбір мемлекет артта қалған аймақтардағы тұрмыс деңгейін жақсартуға, яғни, олардың жағдайларын теңестіруге және даму деңгейін арттыруға бағытталған аймақтық саясат жүргізуге ұмтылады.

Бұл Қазақстанға да қатысты: 14 облыс әртүрлі табиғи-климаттық аймақтарда орналасқан, әртүрлі даму тарихы, экологиясы бар және сондықтан олардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі айтарлықтай өзгеше. Осыған байланысты, алдымен, бұрынғы кеңес республикасында, ал содан кейін егемен Қазақстанда да белгілі бір аймақтық саясат жүргізіліп келді. Дегенмен, реформа жылдары саралану күшейді, ал әлеуметтік-проблемалар шиеленісті.

Кеңес кезеңінде әлеуметтік-экономикалық дамуды теңестіру үшін, негізінен, материалдық өндірістің сол бір салаларын және (немесе) өндірістік емес аяның салаларын дамытуға орталықтандырылған күрделі қаржы арқылы проблемалық аймақтарға берілетін демеулік қаржы пайдаланылды. Қаражат салыстырмалы бай аймақтардың ресурстары есебінен құралды және тиісті бюджетте басқарудың әрбір деңгейінде жинақталды.

Қайта бөлудің осы тетігі проблемалық аймақтарды дамытуда белгілі бір оң рөл атқарса да, олардың орталыққа тәуелділігін арттыра түсіп, халықта масылдық көңіл-күй орнықтырып, олардың өзін өзі қаржыландырудың және өзіндік жеткіліктігін қалыптастырудың тиімді саясатын жүргізуге мүмкіндік бермеді.

Кеңес кезеңінде де және нарықтық реформалар жүргізу процесінде де оларды өкіметтің қандай деңгейі жүргізгеніне қарамастан, аймақтардың дамуы үшін қолданылған барлық қайта құрулар аймақтық саясат болып ұғынылды. Тиісінше, аймақтардағы барлық өзгерістер, сондай-ақ аймақаралық экономикалық қатынастар мемлекеттің аймақтық саясатының нәтижелеріне жатқызылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 қыркүйектегі қаулысымен мақұлданған Тұжырымдамада да аймақтық саясат ұғымы осындай болып табылады. Осыған байланысты, жаңа аймақтық саясатқа аса қажеттілік туындады.

Жаңа Тұжырымдамада аймақтық саясат деп, аймақтардың тиімді және үйлесімді дамуы үшін мемлекет қолданатын экономикалық, құқықтық, әлеуметтік және басқа да

шаралар кешені, проблемалық аймақтарға басқаларымен бірге тұрмыстың, жұмыспен қамтудың және басқаларының тең жағдайларына қол жеткізу үшін тең мүмкіндіктер берілуі түсіндіріледі.

## 1. Аймақтардың қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау

### 1.1. Демографиялық өзгерістер

Халықтың саны 2001 жылғы 1 қазанға 1999 жылғы санақ қорытындыларымен салыстырғанда 0,9% төмендеді және 14810 мың адамды құрады. Бұл ретте, қала халқының үлесі - 56,1%, ауылдікі - 43,9% құрайды. Үстіміздегі жылы тұрақты халық өсімі тек төрт облыста: Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Атырау, Маңғыстау облыстарында және Астана қаласында байқалған.

Әсіресе, солтүстік және орталық: Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарында халық саны қысқарды. Негізгі себебі, халықтың өз өзінен кемуі - республикадан тысқары жерлерге көшуі болып табылды.

2001 жылдың 9 айында халықтың табиғи өсу коэффициенті 5,05 промиллені құрады. Туылу коэффициентінің жалпы республикалық деңгейі тек бес облыста асқан: Оңтүстік Қазақстанда - 24,08, Қызылордада - 22,09, Маңғыстауда - 19,24, Атырауда - 17,85, Жамбылда - 17,49 промилле.

2001 жылдың 8 айында халық көші-қонының теріс сальдосы 71,9 мың адамды құрады. Көші-қон ТМД елдеріне мейлінше қарқынды болды, оларға Қазақстаннан тысқары жерлерге кеткендердің жалпы санының 70%-ға жуығы көшкен. Сыртқы көші-қон бойынша: Қостанай, Павлодар, Қарағанды облыстары белсенді болып қалып отыр. Көшушілер ішінде орыстардың (56,7%) және немістердің (22,2%) үлес салмағы едәуір болып отыр.

Ішкі облыстық жылжуда ауылдық жерден қалаға әлеуметтік ықтиярсыз көші-қон басым болуда, сол арқылы қалалардың еңбек рыноктарындағы шиеленіс және олардағы қылмыстық жағдай тереңдей түсуде. Қоныс аударушылар қағаз жүзінде қала тұрғыны мәртебесін ала тұрып, әлеуметтік, өндірістік және мәдени өмір саласына тартылмай келеді.

### 1.2. Еңбекті аумақтық бөлу

Тәуелсіздік және табанды экономикалық реформалар жылдары аймақтарды мамандандыру бағыттары елеулі өзгерістерге ұшырамады, салалардың даму деңгейі ғана өзгерді. Мұнда, қазақстандық экспорттың дәстүрлі тауарлары бөлігінде әлемдік рынок конъюнктурасы мейлінше әсер етуде.

Мұнай өндіру, мұнай өңдеу және мұнай химиясы өнеркәсібі экономикасының негізгі салалары болып табылатын Атырау және Маңғыстау облыстары едәуір дамыған, олардың үлесіне облыстардың барлық өнеркәсіп өнімінің 90%-нан астамы келіп отыр.

Ақтөбе облысында хром кені, мұнай мен газ өндірілуде. Құрылыс материалдары өнеркәсібін кеңейту үшін мүмкіндіктер бар. Қазіргі уақытта Қызылорда облысы өнеркәсібінің негізі мұнай өндіру болып табылуда.

Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары экономикасының негізгі салалары түсті және қара металлургия болып табылады. Осы облыстардың аумақтарында түсті және қара металдар кен орындарының барланған қорларының көпшілігі орналасқан. Мыс Қазақстанның минерал-шикізат ресурстары тізімінде алдыңғы орындардың бірін алады, оның едәуір қоры Қарағанды облысының кен орындарында орналасқан.

Павлодар облысы елдегі көмір өндіру жөніндегі көш басшысы болып табылады. Оның үлесі елде көмір өндірудің 72,3%-ын құрайды. Бұдан әрі 23,9% көрсеткішімен Қарағанды облысы және 3,4% көрсеткішімен - Шығыс Қазақстан облысы келеді.

Жоғары ғылыми-техникалық, санаткерлік әлеует, моральдық және табиғи тозған құрал-жабдық басым түрде Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарының, сондай-ақ Алматы қаласының қорғаныс кәсіпорындарында орналасқан.

Алматы қаласы елдің мәдени және санаткерлік орталығы болып қалуда, оның мамандануының салмағы біртіндеп қаржы орталығына ауысуда. Елдің жаңа астанасы - Астана қаласында іскерлік және мәдени орталық белсенді қалыптасуда.

Республиканың астық өндірісі тауарлық бидай, жарма және тұқымдық дақылдар өндірісіне бағдарланған солтүстік - Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарында шоғырланған.

Ауыл шаруашылығы өндірісіне, басым түрде көкөніс пен жидек, техникалық дақылдар өсіруге мамандану республиканың аграрлық оңтүстік өңірі - Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында сақталған.

### 1.3. Жалпы аймақтық өнім

Еңбекті аумақтық бөлу және аймақтар экономикасының құрылымы жалпы аймақтық өнім (ЖАӨ) көлемі және оның жан басына шаққандағы өндірісі сияқты жалпылама көрсеткіштермен мейлінше толық сипатталады. Елдің облыстары арасында жан басына шаққандағы ЖАӨ өндірісі бойынша едәуір алшақтықтар бар. Мысалға, 2000 жылы жан басына шаққанда ЖАӨ-нің ең жоғары (Атырау облысы - 581,7 мың теңге) және ең төменгі (Жамбыл облысы - 50,2 мың теңге) шамасы арасындағы айырмашылығы 11,6 есені құрады.

2000 жылы Атырау және Маңғыстау облыстары жан басына шаққандағы ЖАӨ өндірісі бойынша көш басында болған, олар соңғы жылдар ішінде осы көрсеткіштер бойынша облыстар арасында тиісінше бірінші және екінші орындарда келеді.

Осы екі облыстың ЖАӨ өндірісіндегі үлесі 17% құрайды. Өнеркәсіп қосылған құнның негізгі денін өндіруде (Атырау облысында - 72,3%, Маңғыстау облысында - 65,4%) .

Павлодар, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстары бірлесіп ЖАӨ-нің 26,8% өндіруде. Олар 2000 жылы жан басына шаққандағы ЖАӨ өндірісі бойынша, тиісінше, жетінші, алтыншы және оныншы орындарды иеленді.

Астаналық тұрпаттағы қалалар - Алматы мен Астана жалпы аймақтық өнімнің 19,5%-ын өндіруде. Олар, тиісінше, жан басына шаққандағы ЖАӨ өндірісі бойынша үшінші және төртінші орындарда. Алматы қаласында қосылған құнның негізгі дені қызмет секторында өндірілуде (86,7%), Астана қаласында қосылған құн өндірісінде 35,9% құрап отырған құрылыс қызу дамуда.

Облыстардың орта тобын Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары құрайды. Олар бірлесіп ЖАӨ-нің 19,0% өндіруде; жан басына шаққандағы ЖАӨ өндірісі бойынша, тиісінше, бесінші, сегізінші, тоғызыншы және он бірінші орындарда. Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының ЖАӨ құрылымында ЖҚҚ-ның 23,0 және 36,1% ауыл шаруашылығында өндірілген.

Жан басына шаққандағы ЖАӨ өндірісі бойынша едәуір төмен көрсеткіштер Ақмола, Қызылорда, Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында болып отыр. Бес облыс бірлесіп ЖАӨ-нің небары 17,8% өндіруде. Бұл облыстар жан басына шаққандағы ЖАӨ өндірісі бойынша, тиісінше, соңғы - он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы орындарда.

#### 1.4. Өнеркәсіптегі құрылымдық өзгерістер

Егер 1995 жылы өнеркәсіп өнімінің негізгі көлемі Қарағанды (республикалық көлемнің 21,6%), Павлодар (16,3%), Шығыс Қазақстан (9,65%) облыстарында өндірілсе, перспективада, бағалау бойынша, Атырау, Қарағанды және Маңғыстау облыстары алдыңғы орындарда болмақ.

Мұнай өндірудің едәуір өсуі аумақтық құрылым өзгерісінде негізгі рөл атқарды. Қарағанды облысының мәні оның зор өнеркәсіп әлеуетімен және экспортқа бағдарланған өндірістерінің болуымен айқындалуда.

Мамандандырылуын өндіруші салалар құрап отырған облыстардың үлес салмағының едәуір артуы Қазақстан экономикасының жалпы "салмақтануына" әкелді. Мысалға, Атырау облысында мұнай-газ өнеркәсібінің облыстың өнеркәсіп өндірісінің жалпы құрылымындағы үлес салмағы 94,2% құрап отыр. Қызылорда облысында мұнай-газ өндіру өнеркәсібінің үлес салмағы 1990 жылғы 2,7%-дан 2000 жылы 89,5%-ға дейін өсіп, ал жеңіл және тамақ өнеркәсібінде, тиісінше, 14,5-тен 0,7%-ға және 18,8-тен 3,8%-ға дейін төмендеген. Қарағанды облысында жеңіл өнеркәсіптің 1990 жылы 6,4%-дан 0,5%-ға, тамақ өнеркәсібінде 9,2%-дан 5,9%-ға дейін төмендеуі кезінде

металлургияның үлесі 78%-ға дейін артқан.

### 1.5. Ауыл шаруашылығындағы құрылымдық өзгерістер

Қазақстанның ауыл шаруашылығында айқын аймақтылық білінеді, табиғи фактор құрылымдық айырмашылықтардың ерекшелігін айқындайды.

1997 жылдан бастап республикада, іс жүзінде, барлық ауыл шаруашылық дақылдары бойынша егіс алаңдары тұрақталды, ал мақталық, күнбағыс және қант қызылшасы сияқты кейбір дақылдар бойынша егіс алаңдарының өсуі байқалуда.

1995 жылдан 2000 жыл кезеңінде республика бойынша ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің кемуі 6,3%-ды құрады. Өнім көлемдерінің едәуір қысқаруы Маңғыстау (68,8%-ға), Павлодар (45,0%-ға), Қарағанды (31,7%-ға), Атырау (31,1%-ға) және Шығыс Қазақстан облысында (27,5%-ға) байқалды.

Аграрлық сектордың ЖІӨ-ге үлесі 1995 жылғы 12,3%-дан 2000 жылы 8,6%-ға дейін төмендеді.

1999 жылдан бастап республика ауыл шаруашылығының дамуында оң үрдістер байқалуда. Реформа жылдарында алғаш рет ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуіне қол жеткізілді, ол 1998 жылдың тиісті кезеңіне 28%-ды, соның ішінде өсімдік шаруашылығы - 66,2%-ды, мал шаруашылығы өнімі - 1%-ды құрады. Аймақтық бөліністе ауыл шаруашылығы жалпы өнімі көлемдері республиканың негізгі астық себуші аймақтарында мейлінше өскен.

2000 жылы үлестеріне ауыл шаруашылығы өндірісі жалпы көлемінің 64,9% келіп отырған Ақмола, Алматы, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстары негізгі ауыл шаруашылық облыстары болып табылды.

### 1.6. Инфрақұрылымды дамыту

1995 жылдан бастап жалпы пайдаланудағы пайдаланылатын темір жолдарының ұзақтығы (Қазақстанның аумағымен өтетін басқа республикалардың жолдарын және басқа республикалардың аумағымен өтетін Қазақстан жолдарын қоса алғанда) тұтастай республика бойынша 184 километр өсті және 14,5 мың километрді құрады. Темір жолдардың мейлінше ұзақтығы Қарағанды, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Ақтөбе облыстарына келеді. Осы облыстарда іс жүзінде қолда бар темір жолдарды пайдалануда сақтау сәтті болды. Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында темір жолдардың пайдаланудан едәуір шығып қалуына жол берілген.

Осы жылдары жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының ұзақтығы 2,7 мың километрге өскен. Алайда, қаражат жетіспеушілігі олардың техникалық жағдайының барлық жерде бірдей төмендеуіне, нормативтік талаптарға сәйкессіздігіне әкелген.

Құбыр көлігінен басқа, көліктің барлық түрімен жүк тасымалдау көлемдері ел

экономикасы дамуының жалпы серпінінің көрінісі ретінде 1995-1999 жылдары мүлтіксіз төмендеген. Тек 2000 жылғы экономикалық өсу көліктегі жағдайды айтарлықтай өзгертуге мүмкіндік берді.

Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Оңтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында автомобиль көлігімен тасымалдау көлемдерінің едәуір қысқаруына жол берілген.

1995 жылдан бастап әуе көлігіндегі жүк тасымалының көлемдері 43%-ға кеміген, аймақтық бөлікте Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында мейлінше едәуір қысқару болды.

Жүк тасымалдары ауқымын тұрақты өсірген көліктің бірден бір түрі құбыр тасымалы болды (өсу 1995 жылмен салыстырғанда 3 еседен аса). Көліктің осы түрімен тасымалдаудың негізгі көлемі Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау және Павлодар облыстарында жүзеге асырылды, бұл осы аймақтардың көмірсутегі шикізатын өндіруге және өңдеуге мамандануымен байланысты. 1997 жылдан бастап көліктің осы түрі бойынша статистикаға Өзбекстан мен Түрікменстаннан газ транзиті енгізілді, бұл Батыс Қазақстан облысы бойынша көрсеткіштердің күрт өсуіне әкелді.

Телекоммуникациялар саласында "Қазақтелеком" ААҚ негізгі телефон аппараттары санының көрсеткіштері 1995 жылы 1962,9 мың данадан 2000 жылы 1834,2 мың данаға дейін төмендеген. 2000 жылы 5 жылда алғаш рет негізгі телефон аппараттары санының 74,5 мың дана немесе 4,2%-ға, соның ішінде ауыл бойынша 20,4 мың дана немесе 7,6%-ға таза өсуі тіркелген. Сонымен бірге, телекоммуникациялардың (бірінші кезекте Астана және Алматы қалаларында), сондай-ақ халық аз қоныстанған шалғай аудандарды, аймақтарды телефондандыру әдістерінің сапалық өзгеруін атап өткен жөн.

## 1.7. Инвестициялық қызмет

Соңғы жылдары Қазақстанның аймақтық инвестициялық саясаты негізінен өндіру, бірінші кезекте, мұнай өнеркәсібіне бағдарланған болатын. Осылайша, инвестициялардың едәуір үлесі мұнай-газ өндірудің перспективалы аймақтары болып табылатын бес аймаққа салынған (Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Қызылорда облыстары). Инвестициялық әлеуеттің небары 18%-ын ғана шоғырландыра отырып, бұл облыстар соңғы екі жылда республиканың барлық инвестициясының 51%-н астамын жинақтаған.

Керісінше, инвестициялық әлеуеттің 57% шоғырланған аймақтарға (Алматы, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстары) соңғы екі жылда Қазақстан экономикасына барлық инвестицияның үштен бірінен кемі салынған болатын. Мұндай инвестициялық саясаттың жалғасуы жақын жылдарда-ақ Қазақстан шаруашылығының аумақтық құрылымында елеулі өзгерістерге және

әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінде аймақаралық сәйкессіздіктерге әкелуі мүмкін.

"Ескі өнеркәсіптік" аймақтарға жете инвестиция салынбауы оларды біртіндеп тоқыраған аймақтарға айналдыруы ықтимал.

### 1.8. Халықтың ақшалай табыстары мен шығыстары

Жан басына орташа есеппен халықтың ақшалай табыс деңгейі бойынша аймақтар арасындағы айырмашылық 3,2 есеге жетеді. 2000 жылы Алматы қаласының тұрғындары ең көп, Алматы облысы тұрғындары - ең төмен, 2001 жылдың қаңтар-тамыз кезеңінде, тиісінше, Атырау және Оңтүстік Қазақстан облыстары осынша ақшалай табыс алған. Тек аймақтар арасында емес, олардың ішінде де ақшалай табыстың едәуір саралануы сақталуда. Батыс облыстарда табыстың ең көп және ең аз деңгейлері арасындағы алшақтық 3,4; солтүстік облыстарда - 2,1; шығыс облыстарда - 1,4 есе.

Сонымен бірге, орташа республикалық көрсеткіштермен салыстырғанда жоғары ақшалай табысты аймақтарда ең төменгі күнкөріс мөлшері жоғары, ақшалай табысы төмендерінде - тиісінше, төмен. Мысалға, 2000 жылдың екінші тоқсанында бір айға есептегенде ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы Атырау облысында - 5517 теңге, Оңтүстік Қазақстанда - 3767 теңге құрағанда, ел бойынша 4761 теңге болған.

Сондай-ақ, аймақтардың орташа жалақы деңгейі бойынша саралануы едәуір. Ең жоғары деңгей Маңғыстау және Атырау облыстарында, ең төмені - Ақмола, Жамбыл, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарында қалыптасқан.

Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Ақмола және Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында жалақы орташа республикалық деңгейге жетпейді. 2001 жылғы тамызда жалақының ең жоғары деңгейі (Атырау облысы) мен ең төмен деңгейінің (Ақмола облысы) арасындағы алшақтық 4 еседен аса болған. Бұл ретте Атырау және Маңғыстау облыстарының кен өндіруші салалары мен селолық жерлерінде жалақы арасындағы айырмашылық 6-9 есеге жеткен.

Орташа есеппен, республика бойынша халық шығыстарының құрылымында оның 85,2% тұтыну шығыстарына келген. Бұл ретте олардың аймақтар бойынша мәні Солтүстік Қазақстан облысында 78,1%-дан Маңғыстау облысында 97,4%-ға дейін өзгеріп тұрады.

Республиканың аймақтары бойынша тұтыну шығыстары құрылымында ақылы қызметтер үлесі бойынша да, азық-түлік тауарларын сатып алу шығыстары бойынша да елеулі саралану байқалуда.

### 1.9. Жұмыспен қамту, жұмыссыздық



Аймақтар арасында жұмыссыздық деңгейінде және жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерінде айырмашылықтар сақталуда.

Республика бойынша орташа есеппен 9,2% жұмыссыздық деңгейінде, 2001 жылдың үшінші тоқсанында жұмыссыздықтың ең үлкен деңгейі Қызылорда облысында (12,3%), ең төмені - Шығыс Қазақстан облысында (6,9%) байқалған.

Қазақстанның аймақтарында жұмыссыздарды орналастыру мүмкіндіктері әртүрлі. Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарында және Алматы қаласында жұмыс іздегендердің 54-тен 75%-ға дейінгісі жұмысқа орналасқан. Сонымен бірге, Атырау, Жамбыл және Қызылорда облыстарында азаматтардың жұмысқа орналасу пайызы республикалықтан төмен - 13,8-ден 22%-ға дейін.

#### 1.10. Шағын қалалардың, тоқыраған селолық және шекара өңірі аудандарының проблемалары

Қазақстанда республика қала халқының 23%-ға жуығы тұратын 7 орташа және 58 шағын қала бар.

Басым түрде өндіру бағдарындағы өнеркәсібі бар шағын қалаларда республика қала халқының 7,5%-ы, агроөнеркәсіптік бағыттағы кәсіпорындар бар қалаларда - 6,1, өңдеу өнеркәсібі бар қалаларда - 5,6, тыңалдырушы маңызы бар қалаларда - 1, әскери-өнеркәсіп кешені орталықтарында - 0,8, көлік тораптарында - 1,9%-ы тұрады.

Іс жүзінде республиканың барлық шағын қалаларының негізгі проблемалары: өндірістің құлдырай түсуі және соның салдары ретінде жұмыссыздықтың жоғары деңгейі; тұрмыс деңгейінің едәуір төмендеуі; осы қалалардан тұрғындардың кетуі; бюджет қаражатының және инвестициялардың жеткіліксіздігі; әлеуметтік сала объектілерін ұстау проблемасы; нашар көліктік байланыс; тұтынушылардың төмен төлем қабілетінен электр энергиясымен және жылумен жеткіліксіз қамтамасыз ету болып табылады.

Шахталардың көпшілігі ендігі таусылған Абай, Сарань, Шахтинск - "көмірлі" қалаларында, фосфор тыңайтқыштарын өндіру жөніндегі кәсіпорындар қала құрайтын объектілер қызметін атқарған Қаратау және Жаңатас қалаларында; қорғасын-мырыш кеніштері қаласы - Текеліде күрделі экономикалық және әлеуметтік ахуал қалыптасты. Минералдық шикізат ресурстарын өндірудің төмендеуі немесе тоқтауы нәтижесінде бұл қалаларда жұмыс орындарының саны едәуір қысқаруда, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымның дағдарысты жай-күйімен байланысты проблемалар кешені ширеленісуде.

Әртүрлі деген себептермен шағын және орташа қалалар бойынша барлық тіркелген шаруашылық субъектілерінің 40%-ға жуығы тоқтап тұр.

Әскери-өнеркәсіп кешені орталық - қалаларында білікті кадрлардың кетуі қала құрайтын кәсіпорындарды қамтыған экономикалық дағдарыстың салдары болды.

Сондай-ақ, экологиялық апат аймағында орналасқан Алға, Темір, Шалқар, Арал, Қазалы, Аягөз, Шар сияқты қалаларда қолайсыз жағдай қалыптасты.

Экономикасының негізін ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу жөніндегі кәсіпорындар құрайтын қалалар қиын жағдайда тұр. Оларда дамыған инфрақұрылым, құрылыс базасы, білікті кадрлар болмай отыр.

Елдің 1024,5 мың адам тұратын, 159 селолық ауданының 27 ауданы (ауыл халқының 15,6%-ы) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 мамырдағы N 561 P990561\_ қаулысымен оларға мемлекеттік көмек көрсету жөніндегі бірқатар шаралар қабылдана отырып, экономикасы тоқыраған аудандарға жатқызылған болатын. Бұл аудандар республиканың барлық облыстарында орналасқан, соның ішінде Солтүстік аймақта - 9, Батыс аймақта - 5, Шығыс Қазақстанда - 3, Қарағанды облысында - 2, Оңтүстік аймақта - 8.

Тоқыраған селолық аудандар тауарлар өткізу рыноктарынан алыс жатыр, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымы нашар, табиғи, климаттық және экологиялық жағдайлары қолайсыз.

Шекара өңірі аудандары үшін де экономиканың одан әрі дамуы, халықты жұмыспен қамтамасыз ету және тұрмыс деңгейін жақсарту проблемалары сипатты, осының нәтижесінде олардан халық едәуір дәрежеде кетуде, бұл елдің экономикалық әлеуетін және шебін әлсірететін болады.

### 1.11. Аумақтық айырмашылықтар және аймақтардың

#### тұрпатталуы

Объективтік табиғи-климаттық, географиялық жағдайлардан, демографиялық ахуалдан, сондай-ақ, ұзақ уақыт бойы сақталған субъективтік факторлардан аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерінде аумақтық айырмашылықтар қалыптасты. Аймақтар топтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер кестеде келтірілген.

#### Қазақстан Республикасы аймақтарының 2000 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері

---

Аймақтар мен !Аймақтың!Аймақтың!Халықтың!Аймақтың!Аймақтың!Аймақтың!  
Аймақ.

топтардың !респуб. !ЖАӨ-ге !жан ба. !өнеркә. !ауыл ша.!негізгі !тың ба.  
атауы !лика !үлесі, %!сына ша.!сіп өн. !руашылы.!капитал.!стапқы  
!халқы ! !ққандағы!дірісі. !ғының !ға ин. !орташа

!санында. ! !ЖАӨ, мың!нің жал. !жалпы !вести. !жан ба.  
 !ғы үле. ! !теңге !пы көле. !өнімін. !циялар !сылық  
 !сі, % ! ! !міндегі !дегі !игеруде. !табыс.  
 !01.10. ! ! !үлесі, %!үлесі, %!гі үле. !тарының  
 !01 ж. ! ! ! ! !сі, % !орташа  
 ! ! ! ! ! ! !респуб.  
 ! ! ! ! ! ! !ликалық  
 ! ! ! ! ! ! !деңгей.  
 ! ! ! ! ! ! !ге ара  
 ! ! ! ! ! ! !қатына.  
 ! ! ! ! ! ! !сы,  
 ! ! ! ! ! ! !2001 ж.  
 ! ! ! ! ! ! !қаңтар-  
 ! ! ! ! ! ! !тамыз.  
 ! ! ! ! ! ! !ға,%

---

Қазақстан Республикасы 100 100 157,0 100 100 100 100

---

1-топ

---

Астана қ. 3,3 3,5 254,0 1,0 0,2 10.8 170.6

---

Алматы қ. 7,6 16,0 329,9 3.9 0,4 9,5 184.4

---

2-топ

---

Атырау 3,0 11,0 581,7 22.3 1,1 18.0 241.6

---

Маңғыстау 2,2 6,0 432,1 11,1 0,2 5.9 221.9

---

3-топ

---

ШЫҒЫС

Қазақстан 10,1 9,2 143,3 8,1 9,4 7.1 103,5

---

Қарағанды 9,3 11,7 197,2 15,9 4,9 6.2 112.0

---

Павлодар 5,1 5,9 175,2 7,2 4,2 4,2 107.5

---

#### 4-топ

---

Ақтөбе	4,5	4,7	162,5	5,3	4,2	7.1	103.8
--------	-----	-----	-------	-----	-----	-----	-------

---

Жамбыл	6,6	2,1	50,2	1,5	4,5	0,4	54.9
--------	-----	-----	------	-----	-----	-----	------

---

Қостанай	6,3	6,0	144,1	3,3	16.5	2.2	82.2
----------	-----	-----	-------	-----	------	-----	------

---

#### Оңтүстік

Қазақстан	13,8	5,2	61,1	5,4	10,0	2,1	49.3
-----------	------	-----	------	-----	------	-----	------

---

#### 5-топ

---

#### Батыс

Қазақстан	4,1	5,3	203,4	4,6	3,9	21.6	120.9
-----------	-----	-----	-------	-----	-----	------	-------

---

#### Солтүстік

Қазақстан	4,7	3,0	98,8	1,3	12.7	0.6	77.8
-----------	-----	-----	------	-----	------	-----	------

---

#### 6-топ

---

Алматы	10,5	4,8	72,0	3,8	13,4	1,6	57.8
--------	------	-----	------	-----	------	-----	------

---

Қызылорда	4,1	2,4	93,4	3,6	2,2	2.3	72.1
-----------	-----	-----	------	-----	-----	-----	------

---

Ақмола	4.9	3,3	94,7	1,5	12.2	0,4	75,2
--------	-----	-----	------	-----	------	-----	------

---

Аймақтар проблемалық деп аталатын үрдіс бойынша топтастырылған, яғни, экономикалық әлеуеті мен экономикалық құрылымына байланысты ұқсас проблемалары және экономикалық көрсеткіштері бар аймақтардың топтары бөлініп көрсетілген; олардың кестеде орналасу реті сондай-ақ, аймақтардың ЖАӨ және халықтың тұрмыс деңгейі бойынша орташа көрсеткіштерімен айқындалады.

Орташа республикалық деңгейге 163,1 және 187,9% - орташа жан басы кірістерінің едәуір жоғары деңгейімен бірінші топқа салаланған өнеркәсібі (негізінен машина құрылысы), дамыған қаржы секторы және жоғары ғылыми-техникалық әлеуеті бар

республикалық маңызы бар Астана және Алматы қалалары жатады.

2001 жылдың 1 қазанына осы қалалардың үлесі: республика халқы санында 10,9%-ды; жалпы аймақтық өнімде - 19,7%-ды; өнеркәсіп өндірісі көлемінде - 5%-ды құрады.

Дегенмен, мұндай деңгейдегі қалалар үшін жеткілікті өткір проблемалар: Астана қаласының инфрақұрылыммен нашар жабдықталуы, өнеркәсіптік орындарындағы ескірген техника мен технологиялар және басқалары болып қалып отыр; Алматы қаласында газбен жабдықтауда проблемалар бар, сондай-ақ атмосфералық ауаның л а с т а н у ы н ы ң деңгейі жоғары.

Екінші топты көмірсутегі минералдық ресурстарына бай: Атырау және Маңғыстау о б л ы с т а р ы қ ұ р а й д ы .

2001 жылдың 1 қазанына облыстардың осы тобының үлесі республика халқы санында 5,2%-ды; жалпы аймақтық өнімде - 17,4%-ды; өнеркәсіп өндірісі көлемінде - 33,4%-ды; ауыл шаруашылығы жалпы өнімінде 1,3%-ды құрады. Халықтың жан басына орташа табыстары басқа облыстарға қарағанда жоғары.

Негізгі проблемалар: өнеркәсіп өндірісінің шикізаттық бағыттылығы және негізінен мұнай өндіруге мамандануы; салаландырылмаған дерлік өнеркәсіп және дамымаған ауыл шаруашылығы. Селолық аудандарда табыстың төмендігі, жұмыссыздықтың көбеюі, артта қалған инфрақұрылым, аудан орталықтарының шалғайлығы, қоршаған ортаға зор ауыртпалық және басқалары.

Үшінші топ - негіздерінде жергілікті шикізатты пайдаланатын ірі кен өндіруші және қайта өңдеуші кәсіпорындар салынған және жұмыс істейтін, табиғи минералдық шикізат ресурстарына бай өнеркәсіптік облыстар. Осы облыстарда, сондай-ақ, өңдеу өнеркәсібінің кейбір өндірістері (машина жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібі) белгілі бір дәрежеде дамыды. Бұл - Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстары.

Бұл топтағы облыстардың орташа жан басылық табыстары жоғары, олар орташа республикалық деңгейге қатысты алғанда, тиісінше, 117,4, 133,5 және 111,4%-дық ұ р а й д ы .

2001 жылдың 1 қазанына облыстардың осы тобының үлесі республика халқы санында 24,2%-ды, жалпы аймақтық өнімде - 26,6%-ды, өнеркәсіп өндірісі көлемінде - 31,2%-ды, ауыл шаруашылығында - 18,5%-ды құрады.

Негізгі проблемалар: шикізаттық бағыттылығы, шикізат базасының пайдаланудың жоғары дәрежесі, өнеркәсіптің салаландырылмауы.

Төртінші топ табиғи ресурстарға бай, сондай-ақ едәуір ауыл шаруашылық егіс жерлері бар. Бұл - Ақтөбе, Қостанай, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары. Бұл ретте Ақтөбе және Қостанай облыстарында халықтың орташа жан басына шаққандағы табыстары орташа республикалық деңгейден біршама жоғары, ал Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында - орташа республикалық деңгейден төмен. Сонымен бір мезгілде, олардың барлығының, шамамен, бірдей экономикалық базасы, бірдей бағытталған құрылымы бар. Сонымен бірге, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан

облыстарының өнеркәсіп сияқты, ауыл шаруашылығы өндірісін, қызмет көрсетулер саласын, шекаралық сауданы дамыту есебінен де орташа жан басына шаққандағы табыстарды арттыруға жеткілікті резервтері бар.

2001 жылдың 1 қазанына облыстардың төртінші тобының үлесі республика халқы санында 31,2%-ды; жалпы аймақтық өнімде - 17,2%-ды; өнеркәсіп өндірісі көлемінде - 15,5%-ды; ауыл шаруашылығының жалпы өнімінде 35,2%-ды құрады.

Негізгі проблемалар: өнеркәсіптің бірқатар ірі кәсіпорындарында дағдарыстық ахуалды өткерудің уақытша күрделілігі; ауыл шаруашылығына қызмет көрсететін өндірістердің жеткіліксіз дамуы.

Бұдан басқа, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында газбен, электр энергиясымен, сумен жабдықтауда іркілістер бар.

Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстары кіретін бесінші топтың басым дамыған, соның ішінде қорғаныс бағытындағы машина құрылысы және олардың өнеркәсіптік-аграрлық бағыттылығын айқындайтын ауыл шаруашылық егіс жерлері бар. Бұдан басқа, Батыс Қазақстан облысында өнеркәсіп өндірісі құрылымында 80%-дан аса болып отырған мұнай-газ өндіруші өнеркәсіп даму үстінде.

Осы облыстар халқының табыстары орташа республикалық деңгейден төмен. 2001 жылдың 1 қазанына республика халқы санында бесінші топтың үлесі 8,7%-ды; жалпы аймақтық өнімде - 8,3%-ды; өнеркәсіп өндірісі көлемінде - 4,4%-ды; ауыл шаруашылығының жалпы өнімінде - 16,6%-ды құрады.

Негізгі проблемалар: машина құрылысы, бірінші кезекте қорғаныс кәсіпорындарындағы күрделі жағдай, ілеспе газды жарату қажеттілігі, қуаң егіншілік, ауыз судың өткір тапшылығы, мұнай-газ саласын дамытудың және әскери полигондар қызметінің экологиялық салдары.

Алтыншы топ - Қызылорда облысындағы Құмкөлде мұнай өндіруді есептегенде, экономикалық қызметі, негізінен, ауыл шаруашылығы өндірісінен танылатын Ақмола, Алматы және Қызылорда облыстары кіретін аграрлық облыстар:

Ақмола және Алматы облыстарында халықтың табыстары өте төмен. Олар Қызылорда облысында Қызылорда қаласындағы Құмкөлдің табыстары есебінен орташа республикалық деңгейден жоғары.

2001 жылдың 1 қазанына республика халқы санында алтыншы топтың үлесі 19,4%-ды; жалпы аймақтық өнімде - 10,8%-ды; өнеркәсіп өндірісі көлемінде - 9%-ды; ауыл шаруашылығының жалпы өнімінде - 27,8%-ды құрады.

Халықтың орташа жан басына шаққандағы табыстары орташа республикалық деңгейден едәуір төмен.

Негізгі проблемалар: тұрмыстың төмен деңгейі, ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтудың жоғары үлесі, нашар инфрақұрылым, үлкен аумақ, елді мекендердің өткізу рыноктарымен нашар байланысы, ілеспе газды жарату қажеттілігі, көптеген аудандардың орталықтан шалғайлығы, қоршаған ортаға

жоғары ауыртпалық, Арал проблемасы, ауыз судың өткір тапшылығы.

Аймақтардың ұсынылған тұрпатталуы стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған. Жекелеген облыстардың немесе облыстар тобының проблемалық мәселелері оқшау сипатты және тиісті салаларды және аймақтарды дамыту бағдарламаларында шешімін табуға тиіс.

## 2. Аймақтық саясаттың мақсаты, қағидаттары, міндеттері және басымдықтары

### 2.1. Аймақтық саясаттың мақсаты

Аймақтық саясаттың мақсаты проблемалық аймақтарды таңдап қолдау саясатымен ұштастыра отырып, инфрақұрылымды, шаруашылық қызметті нығайтуға және халықтың тұрмыс деңгейін жақсартуға ықпал ететін маңызды инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жолымен аймақтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі айырмашылықтарды төмендету болып табылады.

### 2.2. Аймақтық саясаттың негізгі қағидаттары

Аймақтық саясаттың негізгі қағидаттары:

республикалық мүдделердің аймақтық, перспективалық мүдделердің ағымдық алдындағы басымдылығы;

аумақтық орналасу ерекшеліктері ескеріле отырып, аймақтардың табиғи байлықтарын тиімді пайдалану;

сол аумақта шаруашылық субъектілерінің кәсіпкерлік қызметін мемлекеттік ынталандыру тетіктерін құру арқылы проблемалық аймақтардың экономикалық таңдап, қолдау;

мемлекет үшін айрықша маңызды стратегиялық мәні бар аймақтарды басым дамыту болып табылады.

### 2.3. Аймақтық саясаттың міндеттері

Аймақтық саясат міндеттеріне:

аймақтардың қарқынды және теңдес әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету;

проблемалық шағын қалаларға және тоқыраған шалғайдағы селолық аудандарға мемлекеттік қолдау көрсету;

ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шекара өңірі аудандарының, әсіресе, оңтүстік аудандардың экономикалық әлеуетін нығайту жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеу және жүргізу ;

орталық және жергілікті басқару органдары арасында қатынастарды одан әрі жетілдіру ;

Қазақстан аумағында халықты ұтымды қоныстандыру жатады.

## 2.4. Аймақтық саясат басымдықтары

Проблемалық аймақтарға қолдау және ынталандыру қаражаты бағыттталатын, аймақтық саясат басымдықтары :

мемлекеттік және аймақтық экономикалық дамудың таңдалған

стратегиясына сәйкес проблемалық аймақтарда жүргізілетін, құрылымдық қайта құрулар;

жаңа жұмыс орындарын құру, жұмыспен қамтуды арттыру және аймақ ішінде және одан тысқары жерлерде өндірістің өсуіне және өнімдер өткізуге әкелетін кәсіпкерлікті дамыту;

өндірістік, әлеуметтік және тыңалдыру инфрақұрылымын сақтау, қайта жаңарту және дамыту Қазақстан Республикасының аумағында қызметтің барлық түрінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

кедейлікті және жұмыссыздықты төмендету болып табылады.

## 3. Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының негізгі бағыттары

### 3.1. Аймақтардың одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуы

1.11-бөлімшесінде айқындалған аймақтарды тұрпаттандыру аймақтық даму бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз болуға тиісті.

Қазіргі уақытта аймақтардың бірінші тобы - Астана және Алматы қалалары үшін даму бағдарламалары мейлінше анық жасалған. Осылайша, Астана қаласы бойынша Ел Президентінің Жарлығымен Мемлекеттік бағдарлама бекітілді, мұнда өңдеу өнеркәсібін, инфрақұрылымды, ғылыми, мәдени және өзге де орталықтарды жедел дамыту болжанып отыр. Алматы қаласы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі



Аймақтық қаржы орталығын құру жөнінде тұжырымдама және іс-шаралар жоспарын бекітті. Оның жұмсақ климаты, төңірегіндегі ерекше табиғи объектілердің болуы ескеріле отырып, осы құжатпен туризм мен демалыстың қуатты инфрақұрылымын қалыптастыру көзделуде. Осының есебінен шағын және орта бизнестің кеңінен дамуын қамтамасыз ету болжанып отыр. Өңдеу өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындарын жаңғырту, оның салалылығын кеңейту көзделуде.

Екінші топ аймақтары үшін өндірістің салаландырылуын жүзеге асыру мұнай өңдеу және мұнай химиясы өндірістерін құрумен, ауыл шаруашылығында кәсіпкерлікті дамытумен және ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу жөніндегі шағын бизнес кәсіпорындарын құрумен, сондай-ақ көлік пен байланыс инфрақұрылымын дамытумен байланысты. Бұл ретте қоршаған ортаны, әсіресе, Каспий теңізі қайраңындағы экологиялық қорғау жөніндегі іс-шараларға ерекше назар аударылатын болады.

Үшінші топ аймақтары үшін, негізінен, өнімнің ғылыми жұмсалымды түрлерінің ең жоғары деңгейімен түпкі және бәсекелес қабілетті өнім шығаратын өңдеу салаларында өнеркәсіп өндірісін кеңінен салаландыру басты міндетке айналады. Бұл ретте, олар басым түрде шағын және орта қалаларда дамуға тиісті. Сонымен қатар, мұнда, ортаны экологиялық қорғау жөнінде іс-шаралар көздеу қажет.

Төртінші топ аймақтары үшін бірқатар ірі кәсіпорындардың әлеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі шаралар, сондай-ақ ауыл шаруашылығына қызмет ететін өндірістерді дамыту қажет.

Бесінші топ аймақтары үшін машина құрылысын, бірінші кезекте қорғаныс кәсіпорындарын түбірлі жаңарту және жаңғырту басты стратегиялық бағытқа айналады.

Алтыншы топ аймақтарында ауыл шаруашылық өнімін өңдейтін шағын және орта, сондай-ақ, дайындау, өткізу және басқа өндірістері кәсіпорындарын дамытуға негізгі назар аударылатын болады. Бұл аймақтардың тұрмыс деңгейі бойынша соңғы орында тұрғаны ескеріле отырып мұнда, өнеркәсіп өндірістерін құру және дамыту жөнінде жекелеген жобалар әзірлеу және жүзеге асыру қажет.

Тұрпаттандыру облыстық бөліністен басқа, шағын және орта қалаларға, аудандарға қатысты да жүргізілуге тиісті.

Артта қалған аумақтар облыстардың барлық топтарында болғандықтан, олардың даму стратегиясын айқындау қажеттілігі туындайды, соның негізінде оларды қолдау шаралары қабылданып болады.

### 3.2. Проблемалық аймақтарды мемлекеттік қолдау

Қолдауға жататын нақты әкімшілік-аумақтық бірліктерді, соның ішінде тоқыраған қалалар мен аудандарды іріктеу межелерін таңдау-маңызды және ең күрделі міндет болып табылады. Межелерде оларды кез-келген деңгей аймақтары: облыстар, қалалар,

аудандар үшін пайдалануға болатын экономикалық, қаржылық, әлеуметтік, экологиялық қырлары көзделуі қажет.

Бұл үшін межелер орташа жан басына санаумен есептеледі. Әрбір аймақ үшін есептелген меже негізінде көрсеткіштері стандарт ретінде қабылданатын, орташа есептеулерден едәуір төмен аймақтар айқындалады. Мұқият талдау және бағалау негізінде олардың аймақтық саясатқа сәйкес қолдауға жататын аймақтары таңдалады.

Межелер ретінде мынадай көрсеткіштер мейлінше қонымды болып табылады:  
халықтың жан басына шаққандағы жалпы аймақтық өнім орташа республикалық деңгейден 75% төмен;

соңғы үш жылдағы жұмыссыздықтың орташа деңгейі орташа республикалық деңгейден 50 пайыз және одан да жоғары;

республика бойынша орташа есеппен салыстырғанда өнеркәсіпте істейтіндердің орташа табысы;

халықтың ауыл шаруашылығындағы табыстарының төмен деңгейі;  
республикадағы орташа санымен салыстырғанда экономикада жұмыс істейтіндердің жалпы санында ауыл шаруашылығында жұмыс істейтіндердің мейлінше жоғары үлесі;

экономикалық қызметтің ірі орталықтарына қатысты алғанда аймақтың шеткері орналасуы;

аймақтың мемлекеттік, әсіресе, оңтүстік шекараға тікелей жақындығы;

ауылдық ортаның өнім өткізудің ірі рыноктарынан алыстығы;

өндірістік инфрақұрылыммен нашар жабдықталуы;

ресурс базасының болмауы және сарқылуы;

қолайсыз экологиялық жағдайлар.

Бұдан басқа, аймақтарды мемлекеттік қолдау үшін таңдау кезінде, соның ішінде ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және мемлекеттік, әсіресе, оңтүстік шекараны нығайтуға әсер ететін басқа да факторлар ескерілуі мүмкін.

Үкімет құрған арнайы комиссия қолдауға алынатын аймақтарды түпкілікті іріктеуді жүзеге асыруға тиіс, ол межелер құрамына әрбір үш жылда өзгеріс енгізуі мүмкін.

### 3.3. Республикалық және жергілікті басқару деңгейлері арасындағы қатынастарды жетілдіру

Мемлекеттік басқару органдары арасындағы қазіргі қатынастар жүйесі аймақтар

дамуының әлеуметтік-экономикалық жағдайларын қалыптастыруда едәуір рөл атқарады. Республикалық және жергілікті басқару деңгейлері арасындағы функциялар мен өкілеттіктерді ұтымды бөлу негізінде осы қатынастарды одан әрі жетілдіру экономикалық өсу және халықтың тұрмыс деңгейі мен сапасын арттыру үшін аймақтар мүдделерінің өзіндік ерекшелігін ескеруге және олардың ресурстық әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Басқарудың жергілікті органдарының халықтың тұрмыс деңгейі мен сапасына, минералдық-шикізаттық, жер, су және басқа да ресурстарды ұтымды пайдалануға, өсімдік және жануарлар дүниесін молайтуға жауапкершілігі артады.

Басқарудың әрбір деңгейінде оларға бекітілген функциялардың толық қанды орындалуы үшін қаржыландырудың жеткілікті көздері заңдық негізде бекітілуі жетілдірілетін болады.

Тұтастай алғанда, республикалық және жергілікті басқару деңгейлерінің арасындағы функциональдық өкілеттіктерді межелеу мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру саласындағы мемлекеттік саясат бағыттарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

#### 3.4. Халықты қоныстандыру және жұмыспен қамтуды ынталандыру бағдарламалары

Қазақстанда реформалар басталғаннан бастап, халықтың Қазақстаннан басқа елдерге сияқты, республикаға да күшті көші-қон ағыны келуде.

Осы ағындарды ұтымды реттеу мақсатында жұмыссыздықтың үлкен деңгейімен, кедейлікпен, проблемалық және тоқыраған аймақтарда жұмыстың болмауымен байланысты процесс мемлекеттік бақылауға алынуы қажет. Қазақстан жағдайларында республикадан көші-қон ағынының үлкен бөлігі әртүрлі ұлт азаматтарының тұратын аймақтарға және олардағы жағдайларға қарамастан, өздерінің тарихи отанына қайту еркімен байланысты. Бұл, ең алдымен, немістерге, ішінара орыстарға, украиндықтарға және басқа ұлттарға қатысты, бұл тұрлаулы процесс болып табылады.

Алайда, жоғары жұмыссыздықтан, тоқыраған аймақтардан жұмысшылардың, білікті мамандардың жылжуын толық болдырмау мүмкін емес. Бұдан басқа, қоныс аудару процесі көптеген, қонысталған, бірақ тоқыраған ауылдарда, кенттерде және тіпті кейбір шағын қалаларда өмір сүрудің сенімді жүйесін (электр жарығы, жылу, су, рынокпен байланыс және басқалары) құрудың мүмкін болмайтындығынан, қажеттілік ретінде тұтынады.

Адамдардың кеңістік тұрғысындағы жылжуы тоқыраған аймақтар халқының еріктілігі, әртүрлі аймақтардағы - әсіресе, "өсу нүктелеріндегі" әлеуметтік-экономикалық ахуал туралы, экономикалық өсу, еңбек және тұрғын үй рыногы және басқалары, жұмысшылар мен мамандардың өтемақылығы (толық немесе

ішінара) және отбасылық көшу туралы барынша хабардар болуы қағидаттарына құрылған мемлекеттік көші-қон саясатына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

Қоныстанудың ұтымды схемасын құруға:  
мемлекеттік көші-қон саясатын жетілдіру;

еңбектің аймақтық рыноктарындағы ахуал ескеріле отырып, Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға жыл сайын квота белгілеу;  
проблемалық аймақтар мен қалалардың өсу нүктелеріне жоғары білікті кадрлар, жоо-ның, колледждердің түлектерін және басқаларды тарту үшін ынталандыруды дамыту және басқалары;

кепілдіктер мен жеңілдіктер бере отырып, шағын қалаларға және тоқыраған ауылшаруашылық аудандарға жоо-ның түлектерін ішінара мемлекеттік бөлуді қалпына келтіру ықпал ете алады.

Ел аумағы бойынша халықтың реттелмелі көші-қоны бірқатар міндеттерді шешуге: еңбек рыногында, әсіресе, жастар, мектеп пен жоо түлектері арасындағы шиеленісті төмендетуге;

тұрғындар тығыз қоныстанған аймақтардан қоныстану тығыздығы төмен аймақтарға; тұруға экологиялық қауіпті аймақтардан өмір сүру үшін қолайлы жағдайлары бар аймақтарға оларды қоныстандырудың ұтымды схемасын айқындауға;

халықтың аумақтық оңтайлылығын және еңбек белсенділігін арттыруға; проблемалық аймақтарды, шағын қалаларды, ауылдық елді мекендерді тоқырау жағдайынан шығаруға, оларда өндірісті жандандыруға; елдің шекара өңірі аудандарын нығайтуға және шекаралардың қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

#### 4. Аймақтық саясаттың тетіктері

Әкімшілік-құқықтық тетік - басқару деңгейлері арасында мемлекеттік функциональдық өкілеттіктерді шектеуді қамтамасыз ететін заңдар қабылдау және іске асыру, тұрақты және әділ бюджетаралық қатынастар белгілеу көмегімен барлық аймақтардың тиімді дамуы үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалуы мүмкін. Нақ осындай жүйе аймақтардың тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін ынталандырулар туғызады және жергілікті атқарушы органдардың аймақтардағы істердің жағдайына жауапкершілігін күшейтеді.

Бұл проблемалық аймақтар үшін экономиканы дамыту үшін тең жағдайлар және халық тұрмысы үшін теңдес жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Бірақ олар барлық аймақтарда жеткілікті бола бермейтіндіктен, артта қалған аймақтарды қолдаудың және ынталандырудың экономикалық тетіктері қосымша пайдаланылатын болады.

Проблемалық аймақтарды ынталандыру және қолдау тетігінде инвестицияларға негізгі орын беріледі.

## Инвестициялар бірінші кезекте:

аймақтардың өткізу рыногымен және ресурс рыногымен байланысын қамтамасыз ететін көлік инфрақұрылымын құруға;  
электр энергиясымен тұрақты жабдықтауға;  
сумен, отынмен және жылумен қамтамасыз етуге;  
білікті қызметкерлер даярлайтын білім беру жүйесін дамытуға;  
денсаулық сақтау қызметтерімен қамтамасыз етуге;  
ғылыми зерттеулерге, жобалық жұмыстарға, инновацияларға және технологияларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге, ақпарат орталықтарын, ҒЗТКЖ және басқаларын құруға бөлінетін болады.

Егер бұл ретте, олар:

аймақ үшін қосымша кірістер жасаса, бұл ретте бұдан аймақтың жалпы кірісі тұрақты артуы тиіс, бұдан, егер, өнімнің аймақтан тыс өткізілуі мүмкін болса; өндірісті ұтымды етіп, сол арқылы кәсіпорнына еңбек өнімділігінің өсуін қамтамасыз етсе және оның бәсекелестік қабілетін арттырса; аймақтарда импорт алмастырудың одан әрі дамуын қамтамасыз етсе, бірінші кезекте, аймақ экономикасын дамыту және құрылымдық қайта құрулар бағдарламасына енгізілген салаларда кәсіпорындарды инвестициялау жүзеге асырылатын болады.

Инвестициялық қолдауға жататын салаға туризм де жатады, ол аймақтардың кірістерін арттырудың және жұмыспен қамтуды ұлғайтудың маңызды көздері болып табылады.

Инвестициялық жобаларды әзірлеу кезінде қаржыландырудың барлық көздерінен жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған еңбекті көп қажет ететін жобаларға көңіл аударылатын болады.

Бұдан басқа, проблемалық аймақтар аумақтарында аймақтық, аймақаралық, аймақтық-салалық проблемаларды шешуге бағытталған жекелеген жобалар мен бағдарламаларды; тоқыраған шағын және орташа қалаларды қолдаудың арнайы жобалары мен бағдарламаларын және басқаларын бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру жүзеге асырылатын болады.

Аймақтық саясат тетіктері проблемалық аймақтарды тікелей қаржыландыру сияқты, тоқыраған аймақтарды қолдау үшін арнайы мемлекеттік бағдарламалар арқылы да қолданылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджет қаражаты және басқалары, заңмен тыйым салынбаған қаражат көздері проблемалық аймақтарды қолдауда инвестицияларды қаржыландырудың негізгі көздері болып болжануда.

Ұсынылған тетіктер әрбір аймақтағы объектілерді іріктеу, қолдау межелерінің нақты мәндері ескеріле отырып, саралы түрде пайдаланылатын болады. Олардың проблемалық және тоқыраған аймақтар үшін "бәріне бірдей сеп" бола алмайтынын

және егер, жергілікті атқарушы органдар тарапынан қолданылатын басқа да бастамашылық шаралармен, кәсіпкерлердің, әсіресе, шағын және орта кәсіпорындар иелерінің бастамашылығымен қолдау көрсетілгенде, ойдағыдай нәтижелер беруі мүмкін екендігін атап өткен жөн.

Жергілікті атқарушы органдар өз тарапынан:

аймақтың инвестициялық тартымдылығын қалыптастыру, инвестициялар ағыны үшін жағдайлар жасау;

осы кәсіпорындар санының өсуі тұрақты өсетін экономика үшін сенімді негіз құрауы мүмкін болғандықтан, шағын және орта кәсіпорындарды нығайту;

осылардың көмегімен кез келген кәсіпкер қажетті технологияларды, жобаларды жедел алуы мүмкін болатын, шағын және орта қалаларда ақпарат орталықтарын және бизнес-инкубаторлар құра отырып, зерттеулерді, инновацияларды, ҒЗТКЖ-ны және трансферт-технологияларды инвестициялық қолдау жөнінде саясат жүргізуі тиіс.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.